

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қазандағы N 1036 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 8 сәуірдегі N 328 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1598 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1598 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. "Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан мұнайдан жасалған тауарларды әкету кезінде кедендік баждарды алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қазандағы N 1036 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 38, 533-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

тақырыбындағы "аумағынан" деген сөзден кейін "шикі мұнай мен" деген сөздермен ауыстырылсын;

кіріспедегі "Мұнай өнімдерінің" деген сөздердің алдынан "Шикі мұнай мен" деген сөздермен толықтырылсын;

1 және 3-тармақтардағы "әкетілетін" деген сөзден кейін "шикі мұнай мен" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Осы қаулымен белгіленген Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетілетін шикі мұнайға кедендік баж ставкалары шикі мұнайға әкетілетін кедендік баждарды төлеуден босату көзделген жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар бойынша олар өндірген шикі мұнайды жер қойнауын пайдаланушылардың әкетуіне қатысты қолданылмайды.";

көрсетілген қаулыға қосымшада:

тақырыбындағы "әкетілетін" деген сөзден кейін "шикі мұнай мен" деген сөздермен толықтырылсын;

мына:

"СЭҚ ТН бойынша тауардың Тауардың қысқаша Баж ставкасы (1000 кг жіктеуіші атауы* үшін доллармен)"

деген тақырыптан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"2709 00 900 0

Шикі мұнай

109,91

2 7 , 4 3 * * * * * " ;

мына:

"2710 19 610 0-

Ауыр дистилляттар:

82,2

2710 19 690 0****

сұйық отын

"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"2713 11 000 0-2713 90

Кокс және мұнай

82,2

900 0

битумы

";

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"***** - экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына ренталық салық төлеушілер үшін . " ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетілетін мұнайдан жасалған тауарларға кедендік баж ставкаларын есептеу ережесінде :

тақырыбындағы және 1-тармақтағы "әкетілетін" деген сөзден кейін "шикі мұнай мен" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтағы "кезде" деген сөзден кейін "шикі мұнай мен" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың бірінші абзацындағы "кезде" деген сөзден кейін "әкетілетін мұнайдан жасалған тауарларға қатысты" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтағы "Кедендік" деген сөздің алдынан "Мұнайдан жасалған тауарларға қатысты" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасының бағалар мониторингі кезеңі ішінде әкетілетін шикі мұнайға қатысты кедендік баж ставкалары 1 тонна үшін 138,6 доллардан астам қалыптасқан кезде осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес формулалар бойынша есептеледі.";

көрсетілген Ережеге 1, 2, 3-қосымшалардағы "әкетілетін" деген сөзден кейін "шикі мұнай мен" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген Ережеге 1-қосымшада Мұнайдан әзірленген тауарлардың тізбесінде :

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"2713 11 000 0-2713 90 900 0

Кокс және мұнай битумы";

осы қаулыға қосымшаға сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық комитетіне Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын сыртқы сауда қызметін реттеу шаралары туралы хабарласын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан
Премьер-Министрі

Республикасының
К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 8 сәуірдегі
N 328 қаулысына

қосымша

"Қазақстан Республикасының
кедендік аумағынан
әкетілетін шикі мұнай мен
мұнайдан жасалған
тауарларға кедендік баж
ставкаларын есептеу ережесіне

4-қосымша

**Әкетілетін шикі мұнайға қатысты кедендік баж
ставкаларын есептеу формуласы**

Шикі орташа тоннасына	мұнайға нарықтық доллармен	арналған баға, (қоса	Кедендік баж есептеу формуласы	ставкасын
138,6-дан алғанда)	438	дейін	(қоса	Қалыптасқан әлемдік баға мен 138,6 арасындағы айырмадан 5,0%
438-ден алғанда)	547,5	дейін	(қоса	Қалыптасқан әлемдік баға мен 438 арасындағы айырмадан 14,97 АҚШ доллары +22,83%
547,5-тен алғанда)	657	дейін	(қоса	Қалыптасқан әлемдік баға мен 547,5 арасындағы айырмадан 39,97 АҚШ доллары +38,21%
657-ден алғанда)	766,5	дейін	(қоса	Қалыптасқан әлемдік баға мен 657 арасындағы айырмадан 81,81 АҚШ доллары +48,48%
766,5-тен алғанда)	876	дейін	(қоса	Қалыптасқан әлемдік баға мен 766,5 арасындағы айырмадан 134,90 АҚШ доллары +55,82%
876 астам				Қалыптасқан әлемдік баға мен 876 арасындағы айырмадан 196,03 АҚШ доллары +61,34%